

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 23 желтоқсандағы N 1276 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 19 наурыздағы N 208 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.07.18. N 606 (2007 жылғы 9 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу үшін жеке және заңды тұлғалардың ақшасын тарту есебінен тұрғын үй ғимараттарын салуды ұйымдастыру жөніндегі қызметті лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 23 желтоқсандағы N 1276 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., N 49, 527-құжат) мынадай өзгерістер иен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу үшін жеке және заңды тұлғалардың ақшасын тарту есебінен тұрғын үй ғимараттарын салуды ұйымдастыру жөніндегі қызметті лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарында:

2 - т а р м а қ т а :

2) тармақшадағы "тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу үшін жеке және заңды тұлғалардан тарту болжанатын ақшаның" деген сөздер "лицензия алған кезде осындай шарттар болған жағдайда тұрғын үй құрылысына үлестік қатысудың орындалмаған шарттары бойынша тартылған ақшаның" деген сөздермен

а у ы с т ы р ы л с ы н ;

б) тармақша алынып тасталсын;

7) тармақша "лицензия алуға үміткер заңды тұлғада және/немесе бас мердігерде" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі